

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ
ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕРІН БАСҚАРУ

УПРАВЛЕНИЕ ДЕБИТОРСКОЙ ЗАДОЛЖЕННОСТЬЮ
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

MANAGEMENT OF RECEIVABLES OF AGRICULTURAL ENTERPRISES

Д.Б. АБДЫКУЛОВА^{*1}

аға оқытушы

А.Ш. КУРАЛБАЕВА²

э.ғ.д., профессор

Г.К. ИСАЕВА¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

²Silkway халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан

dami_bax@mail.ru

Д.Б. АБДЫКУЛОВА¹

старший преподаватель

А.Ш. КУРАЛБАЕВА²

д.э.н., профессор

Г.К. ИСАЕВА¹

к.э.н., ассоциированный профессор

¹Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²Международный университет Silkway, Шымкент, Казахстан

D. ABDYKULOVA¹

Senior Teacher

A. KURALBAYEVA²

Dr.E.Sc., Professor

G. ISSAYEVA¹

C.E.Sc., Associated Professor

¹M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

²Silkway International University, Shymkent, Kazakhstan

Аңдатпа. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында дебиторлық берешектің қалыптасу ерекшеліктері, оның пайда болуының объективті және субъективті себептері, эволюция циклы және өсу факторлары көрсетілген. Дебиторлардың әрбір циклда берешектерінің пайда болу және танылу себептері, маусымдық ерекшеліктерге байланысты өтеу мерзімдері бойынша түрлері көрсетілген. Ауыл шаруашылығы өндірісі кәсіпорындарындағы дебиторлық берешектерді бухгалтерлік есепке алу мен талдаудың міндеттері анықталған, аграрлық сектордағы есепке алуды ұйымдастыру ерекшеліктері, кәсіпорынға борыштардың туындауына әкелетін контрагенттер арасындағы қатынастар анықталған. Дебиторлық берешек деңгейін бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бухгалтериясының функциялары сипатталған. Қаржылық берешекті басқару саясаты өнімді сату көлемін ұлғайтуға, оның жалпы сомасын оңтайландыруға және дебиторлармен уақтылы есеп айырысуға бағытталған. Дебиторлық берешектің пайда болу тәуекелдерін төмендету, пайданы ұлғайту мақсатында олардың шоттарын басқару мәселелері зерделенді. Жүргізілген зерттеу негізінде борыштардың үлкен үлесіне байланысты қиын жағдайлардың алдын алу жолдары ұсынылады, өйткені дебиторлық берешекті басқару – өнімді сату көлемін кеңейтуге бағытталған және қаржы қаражатының берешек мөлшерін қысқартуға және оны уақтылы инкассолауды қамтамасыз етуге негізделген кәсіпорының жалпы бизнес-саясатының бір бөлігі болады.

Аннотация. Показаны особенности формирования дебиторской задолженности в сельскохозяйственных предприятиях, объективные и субъективные причины ее возникновения, циклы эволюции и факторы роста. Отражены причины появления и признания задолженности дебиторов в каждом цикле, виды по срокам погашения в зависимости от сезонных особенностей. Определены задачи бухгалтерского учета и анализа дебиторской задолженности.

ности в предприятиях сельскохозяйственного производства, выявлены особенности организации учета в аграрном секторе, отношения между контрагентами, которые способствуют возникновению долгов предприятию. Охарактеризованы функции бухгалтерии сельхозпредприятий, необходимые для осуществления контроля за уровнем задолженности дебиторов. Политика управления финансовой задолженностью направлена на увеличение объемов продаж продукции, оптимизацию ее общей суммы и своевременные расчеты с дебиторами. Изучены вопросы управления их счетами с целью снижения рисков возникновения дебиторской задолженности, увеличения прибыли. На основе проведенного исследования предлагаются пути предотвращения критических ситуаций, связанных с большой долей долгов, поскольку управление задолженностью дебиторов – часть общей бизнес-политики предприятия, направленной на расширение объемов реализации продукции и заключающейся в сокращении размеров задолженности финансовых средств и обеспечении своевременной ее инкассации.

Abstract. The features of the formation of receivables in agricultural enterprises, the objective and subjective reasons for its occurrence, evolution cycles and growth factors are shown. The reasons for the emergence and recognition of the debts of the debtors in each cycle, the types of maturity depending on seasonal characteristics are reflected. The objectives of accounting and analysis of receivables in agricultural production enterprises were identified, the specifics of accounting organization in agricultural sector, relations between counterparties that contribute to the emergence of debts of the enterprise were identified. The functions of agricultural enterprise accounting are described, which are necessary for controlling the level of receivables. The policy of financial debt management is aimed at increasing the sales of products, optimizing its total amount and timely settlements with debtors. The issues of managing their accounts were studied with the aim of reducing the risk of receivables and increasing profits. On the basis of the conducted research, the ways to prevent critical situations associated with a large proportion of debts are proposed, since management of receivables is part of the company's overall business policy aimed at increasing the sales of products and reducing the amount of financial debts and ensuring its timely collection.

Түйінді сөздер: аграрлық сектор, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, басқару, дебиторлық берешек, құн, өсу факторлары, бухгалтерлік есеп, тәуекелдер.

Ключевые слова: аграрный сектор, сельскохозяйственные предприятия, управление, дебиторская задолженность, стоимость, факторы роста, бухгалтерский учет, риски.

Keywords: agricultural sector, agricultural enterprises, management, receivables, cost, growth factors, accounting, risks.

Кіріспе. Ауыл шаруашылығын дамыту еліміз үшін ең маңызды басымдылықтардың бірі болып табылады.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің бәсекелестігінің айтарлықтай өсуі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу көлемінің ұлғаюына себеп болады, ал оның салдары дебиторлық берешектің қалыптасуына әкеліп соқтырады. Дебиторлық берешек, ұйым ақша қаражаттары мен материалдық ресурстардың қозғалысы туралы кез-келген операцияларды жүзеге асырған кезде пайда болады [1]. Экономикалық категория ретінде дебиторлық берешек ауыл шаруашылық ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің барлық аспектілеріне әсер етеді, өйткені ол тауар сатудан түсетін ақша ағымына, рентабельділік деңгейіне, сондай-ақ оның айналыстан ақша қаражатын айналдыру арқылы оның қаржылық жағдайына тікелей

немесе жанама әсер ете алады. Осыған байланысты, агроөнеркәсіптік ұйымдар үшін дебиторлық берешекті талдаудың тиімді әдістемесін әзірлеу және есепке алу құзыретті ұйымдарының мәселелері барған сайын маңызды. Заманауи экономикалық жағдайда агроөнеркәсіптік ұйымдарда дебиторлық берешекті есепке алу мен талдауды ұйымдастыру бойынша теориялық пен тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу және іске асыру маңызды болғандықтан, осы мәселені зерделеу уақтылы және өзекті болып табылатынын атап өткен жөн.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Дебиторлық берешектің түсінігін зерттей келе, оның пайда болуы – ауыл шаруашылығы ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметінің объективті үдерісі екендігіне көз жеткіземіз. Ауыл шаруашылығы ұйымдарының айналым активтерінің құрылымындағы дебиторлық берешек

үлесінің жыл ішінде өзгеруі олардың маусымдық ерекшелігі, өндіріс циклінің ұзақтығы және т.б. сияқты өндірістік жағдайларының ерекшелігі мен бағыттарына байланысты анықталады. Атап айтқанда, қысқы кезеңде айналым қаражаты құрылымындағы дебиторлық берешектің үлесі қысқарады, көктемгі-жазғы кезеңде дебиторлық берешектің үлесі өседі, ол күзгі кезеңде барынша көп болады.

Дебиторлық берешек эволюциясының циклі мына негізгі іс-әрекеттерге байланысты: құндылықтардың контрагентке нақты берілген күні; балансқа алынған күні; келісімшартта көрсетілген өтеу күні; «Мерзімі өткен» санатына ауыстыру күні; «Үмітсіз» санатына ауыстыру күні; баланстан шығарылған күн. Кейінге қалдырылған төлемдерді пайдалана отырып, өнімдерді сату әртүрлі сападағы дебиторлық берешектің қалыптасуына алып келетіндіктен, дебиторлық берешек құнының қалыптасуына егжей-тегжейлі бағалау жүргізу қажет болады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Кең мағынада, ауыл шаруашылығында дебиторлық берешек жеткізуші кәсіпорындардың сатып алушы кәсіпорындарымен (клиенттерімен) барлық есептеулерін қамтиды және кредиторлық берешектің міндетті шарты болып табылады, бірақ кейде олай болмай шығуы да мүмкін. Мәселен, сатып алушы-кәсіпорын тауарларға төлемді сатып алған күні жасаған жағдайда, жет-

кізуші-кәсіпорын үшін дебиторлық бере-шек сатып алушыдан кредиторлық бере-шектің құрылуыменен аяқталмайды.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы дебиторлық берешек есебінің міндеттері болып келесілер табылады:


♦ дебиторлық берешектің есепте дұрыс айқындалуы;

♦ оның толық және уақтылы өтелуін бақылау [2].

Қазіргі таңдағы нарықтық жағдайда қаржы-шаруашылық қызметінің субъектілері дебиторлық берешектің пайда болуы мен оны өндірудің проблемаларына үнемі тап болады. Бұл контрагенттер арасындағы шаруашылық операциялардың нәтижелері бойынша өзара есеп айырысу кезінде тәуекелдердің болуына байланысты объективті үдеріс.

Дебиторлық берешектің пайда болуына контрагенттер арасындағы келісімшартты қатынастардың болуы әкеліп соқтырады, мұндай кезде тауарларға (жұмыстар, қызмет көрсетулерге) меншік құқығының өтуі және төленуі, уақыты бойынша өзара сәйкес келмейді.

Дебиторлық берешектің пайда болуының себептерін жалпы түрде субъективті және объективті себептерге топтастыруға болады. 1 суретте көрсетілгендей, жетілмеген құқықтық орта объективті факторларға жатқызылса, субъективті факторлар қатарына ұйым тарапынан бақыланатын және реттелінетін факторлар жатқызылды.



Ескертпе – [3-5] әдебиет көздері негізінде авторлармен әзірленген

1 сурет – Дебиторлық берешектің пайда болу себептері

Сонымен қатар дебиторлық берешек көлемінің өсуіне әкелетін факторларды бөліп көрсетуге болады (2 сурет). Ұйымның дебиторлық берешегінің ажырамас бөлігі болып табылатын құралдар шаруашылық айналымға қатысудан ауытқиды, бұл оның

қаржылық жағдайы үшін оңтайлы болып табылмайды [3].


Дебиторлық берешектің тиімді басқарылуы үшін оған талдау жасап отыру қажет. Дебиторлық берешекті талдаудың бірден-бір міндеттеріне келесілер жатады:



- ақша қаражаттарының есебі мен олардың қозғалысы бойынша операцияларды нақты, толық және уақтылы есепке алу;
- қолма-қол және төлем-есептесу тәртібінің сақталуын бақылау;
- берешекті негіздеу дәрежесі бойынша, дебиторлық берешектің құрылымын анықтау;
- мерзімі өткен дебиторлық берешектің құрамы мен құрылымын, дебиторлық берешектің жалпы сомасындағы оның үлесін анықтау;

• қызметкерлермен еңбекақы бойынша, сатып алушылар және тапсырыс берушілермен есеп айырысудың дұрыстығын анықтау.

Дебиторлық берешек, несиеге сатып алушылардың төлемнің кейінге қалдырылудың салдары ретінде қалыпты шаруашылық қызметтің атрибуты, кез-келген ұйымның айналым активтерінің маңызды бөлігі болып табылады. Дегенмен ауыл шаруашылығындағы әрбір ұйым дебиторлық берешектің негізсіз өсуімен туындаған маңызды тәуекелдерге тап болады.



Ескертпе – [3-5] әдебиет көздері негізінде авторлармен әзірленген
2 сурет – Дебиторлық берешектің өсу факторлары

Ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қалыпты қызмет етуі үшін дебиторлық берешектің қалыпты көлемі қажет. Яғни дебиторлық берешектің жоғары үлесі ұйымның ресурстарын айналымнан алады.

Заман талабына сай заманауи компания тауарды сатудан бас тарта алмайды, өйткені бұл сатудан түсетін табысты айтарлықтай төмендетеді.

Сондықтан, дебиторлық берешектің үлкен үлесімен байланысты қысылшаң жағдайларды болдырмау үшін сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысудың ай сайын мониторингін жүргізіп отыру қажет [4].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бухгалтериясы дебиторлық берешектің деңгейін бақылаушы функцияларын атқаруы қажет:

– дебиторлық және кредиторлық берешектің қатынасын бақылау қажет: дебиторлық берешектің елеулі артықшылығы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді және қосымша қаражат тартуды қажет етеді; кредиторлық берешектің дебиторлық берешектен асып кетуі кәсіпорынның төлем қабілетсіздігіне әкелуі мүмкін;

– борышкерлерге қатысты әртараптандыру саясатын бақылау; яғни бір немесе бірнеше сатып алушылардың төлемге қауіпін азайту үшін олардың санын көбейтуге баса назар аудару;

– мерзімі өткен берешектер бойынша есеп айырысудың жай-күйін үнемі қадағалап отыру;

– сатып алушыларды өнім түріне, сатып алу көлеміне, төлем қабілеттілігіне қарай жіктеу;



– мерзімі өткен берешек бойынша деректерге ие болған жағдайда, талап қою жұмыстарын бастау, яғни кешіктірілген төлемдер үшін барлық айыппұлдар туралы хабарламалар-талап-арыздарды жіберу;

– икемді төлем шарттары бар келісімшарттардың әртүрлі модельдерін әзірлеу, атап айтқанда, алдын ала төлем жасау кезінде жеңілдіктермен қамтамасыз ету, өйткені бағалардың төмендеуі, сату көлемін ұлғайтуға және ақша қаражатының келуін күшейтуге әкеледі [4].

Дебиторлық берешекті басқару саясаты кәсіпорынның жалпы сауда-саттық саясатының бір бөлігі болып табылады, ол өнімдерді сату көлемін ұлғайтуға және дебиторлық берешектердің жалпы сомасын оңтайландыруға және оның уақтылы жиналуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Кез-келген кәсіпорында ақшалай қаражаттардың таза ағынымен проблемалар туындауы мүмкін. Олардың себептерін екі топқа бөлуге болады:

– түсім болмаған жағдайда өнімді өткізу проблемалары, себебі өнім өз сатып алушысын таппайды;

– несие саясатының проблемалары, тиелген тауар немесе көрсетілген қызметтер үшін төлемақыны ала алмағанда.

Сондықтан кәсіпорындағы дебиторлық берешекті басқару бірінші кезекте берешектің мөлшерін оңтайландырумен және инкассацияны қамтамасыз етумен байланысты [5].

Осы дебиторлық берешекті тиімді басқару үшін кәсіпорындар дебиторлық берешекті басқару үшін арнайы қаржы саясатын әзірлеп, жүзеге асыруы керек. Соңғы жылдарда дебиторлық берешекті басқару мәселесі кәсіпорындар арасындағы төлем айналымының баяулауына байланысты өршіді. Берешекті басқару кәсіпорын қаражатын басқарудың жалпы саясатының ажырамас бөлігі болуы және басқа элементтермен сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар, қарызды басқару кәсіпорынның маркетингтік саясатымен тығыз байланысты болуы қажет деп ойлаймыз.

Дебиторлық берешек тәуекелін төмендету үшін дебиторлардың шоттарын басқаруға назар аудару керек. Дебиторлардың шоттарын басқару пайда мөлшерін арттырып, тәуекелді азайту үшін қажет. Осыған байланысты кәсіпорын басшылығы нақты шаралар қабылдауға тиіс:

♦ борышкерлердің шоттарындағы мерзімі өткен берешек мерзімін анықтау, оларды саладағы және бұрынғы нормалармен салыстыру;

♦ клиенттердің қаржылық жағдайын бағалау негізінде несиенің мөлшерін қайта қарау;

♦ ақшаны алу кезінде проблемалар туындаған кезде, кепілге соманы борышкердің шотындағы сомадан кем емес мөлшерде алу;

♦ жоғары тәуекелді дебиторларды болдырмау [6].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында ғана емес, басқа да барлық кәсіпорындардың алдында тұрған өте маңызды мәселе – дебиторлық берешекті жою мәселесі. Теориялық тұрғыдан алғанда, мүлктік айналымға қатысушылардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы шаруашылық операцияларды өткізуде, олар тек қана инвестицияланған қаржыны қайтармай, сонымен қатар табыс табады [7]. Алайда, кәсіпорындар түрлі себептерге байланысты контрагенттерден қарыздарын ала алмайтын жағдайлар іс-жүзінде жиі кездеседі. Бұл жағдайда дебиторлық берешек ұзақ айлар, ал кейде жылдар бойы «созылады». Әдетте, себебі борышкердің төлем қабілетсіздігі болып табылады.

Дебиторлық берешектің өсуі кәсіпорын қызметінің тиімсіздігіне әкеледі, кәсіпорынның қаржылық жағдайын нашарлатады, өйткені тоқтатылып тұрған дебиторлық берешек – айналымнан шығып кететін ақша қаражаттары, өз кезегінде табыс әкелмеуімен қатар, басқа кәсіпорындармен есеп айырысуда қиындықтар туғызады. Осындай қолайсыз экономикалық жағдайда кәсіпорын үшін икемді жеңілдіктер жүйесін қолданған тиімді болады деп санаймыз. Уақтылы төлем үшін жеңілдіктер дебиторлық берешек көлемін қысқартуға бірден-бір себеп болады. Олар тұтынушылар мен клиенттерден уақытында ақша алуға мүмкіндік береді, себебі олар тезірек есеп айырысу үшін ынталандырушы фактор болып табылады.

Тұжырымдар. 1. Дебиторлық берешектің үлкен үлесімен байланысты қысылшаң жағдайларды болдырмау үшін сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысудың ай сайын мониторингін жүргізіп отыру қажет.

2. Дебиторлық берешекті басқару саясаты кәсіпорынның жалпы сауда-саттық саясатының бір бөлігі болып, өнімдерді сату көлемін ұлғайтуға және дебиторлық берешектердің жалпы сомасын оңтайландыруға және оның уақтылы жиналуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

3. Осы дебиторлық берешекті тиімді басқару үшін кәсіпорындар дебиторлық

берешекті басқару үшін арнайы қаржы саясатын әзірлеп, жүзеге асыруы керек. Берешекті басқару кәсіпорын қаражатын басқарудың жалпы саясатының ажырамас бөлігі болуы және басқа элементтермен сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар, қарызды басқару кәсіпорынның маркетингтік саясатымен тығыз байланысты болуы қажет деп ойлаймыз.

4. Дебиторлық берешек тәуекелін төмендету үшін дебиторлардың шоттарын басқаруға назар аудару керек. Дебиторлардың шоттарын басқару пайда мөлшерін арттырып, тәуекелді азайту үшін қажет.

5. Қолайсыз экономикалық жағдай кезеңінде дебиторлық берешегі бар кәсіпорындар үшін уақтылы төлем жасағандығы үшін жеңілдіктерді қолдануды ұсынамыз.

Әдебиеттер тізімі

1 ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007ж. 28 ақпандағы № 234 – Заңы (07.02.2018 ж. өзгертулер және толықтырулармен). [Электронный ресурс].– 2018.- URL: <http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z07000023> (дата обращения 02.02.2019).

2 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» [Электронный ресурс].– 2018.- URL: <http://online.zakon.kz/Document/doc/id-31248620> (дата обращения 25.01.2019).

3 Кеулімжаев Қ.К., Радостовец В.К., Төлегенов Е.Т., Продан Л.Г. Ауыл шаруашылық кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп.- Алматы: Қайнар, 2013.- 352б.

4 Суфиянова Ф.Ф., Мурзагалина Г.М. Дебиторская и кредиторская задолженность: учет и направления оптимизации // Молодой ученый. - 2018. - №52. - С. 153-156.

5 Коболева С.В., Конова О.Ю. Дебиторская задолженность: возникновение, анализ и управление // Территория науки.-2015.- № 2.- С 109-115.

6 Аккозова Ф.Б. Управление дебиторской задолженностью сельскохозяйственных предприятий // Учет и аудит в Казахстане.- 2015.- № 7.- С.103-109.

7 Покудов А. Приемы эффективного управления дебиторской задолженностью на предприятии. [Электронный ресурс].- 2013.- URL:<http://www.seminar.ru/article/show/202.htm> (дата обращения 05.02.2019).

Әдебиеттер тізімі

1 ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007ж. 28 ақпандағы № 234 – Заңы (07.02.2018 ж. өзгертулер және толықтырулармен). [Электронный ресурс].–2018.-URL: <http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z07000023> (дата обращения 02.02.2019).

2 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» [Электронный ресурс].– 2018. - URL: <http://online.zakon.kz/Document/doc/id-31248620> (дата обращения 25.01.2019).

3 Кеулімжаев Қ.К., Радостовец В.К., Төлегенов Е.Т., Продан Л.Г. Ауыл шаруашылық кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп.- Алматы: Қайнар, 2013.- 352б.

4 Суфиянова Ф.Ф., Мурзагалина Г.М. Дебиторская и кредиторская задолженность: учет и направления оптимизации // Молодой ученый. - 2018. - №52. - С. 153-156.

5 Коболева С.В., Конова О.Ю. Дебиторская задолженность: возникновение, анализ и управление // Территория науки.-2015.- №2.-С.109-115.

6 Аккозова Ф.Б. Управление дебиторской задолженностью сельскохозяйственных предприятий // Учет и аудит в Казахстане.- 2015.- № 7.- С.103-109.

7 Покудов А. Приемы эффективного управления дебиторской задолженностью на предприятии. [Электронный ресурс].- 2013.- URL: <http://www.bseminar.ru/article/show/202.htm> (дата обращения 05.02.2019).